

# Балық – көліне, бақа батпағына патша



Дебра Дж. Хаусель

## Consultant

**Leanne Iacuone, M.A.T., NBCT, ATC**  
**Riverside School District**

**Image Credits:** Cover & p.1 iStock; pp.15, 17, 19, 25 (illustrations) Tim Bradley; pp.4–8 (background), 12 (bottom), 14, 19 (background), 20 (left), 21 (right & background), 22–23, 25, 27 (background) iStock; pp.28–29 (illustration) Janelle Bell-Martin; p.23 (right bottom) Danté Fenolio/Science Source; pp.2–3 Dr. P. Marazzi/Science Source; p.12 (top) Frans Lanting/MINT Images/Science Source; p.9 Hans Reinhard/Science Source; p.6 John Serrao/Science Source; p.16 (right) Robert Francis/UIG/Science Source; all other images from Shutterstock.

### Library of Congress Cataloging-in-Publication Data

Housel, Debra J., author.  
The right environment / Debra J. Housel ; consultants, Sally Creel, Ed.D. ; curriculum consultant, Leann Iacuone, M.A.T., NBCT, ATC Riverside Unified School District, Jill Tobin California Teacher of the Year Semi-Finalist Burbank Unified School District.

pages cm

Summary: "There's no place like home! But why is home so great? It's a place that meets your needs. You feel safe. The food is good. And you have somewhere to sleep. But what is good for you is very different than what camels or fish need. They need different things to survive and make their own home, sweet home!"—Provided by publisher.

Audience: K to grade 3.

Includes index.

1. Ecology—Juvenile literature.
  2. Biotic communities—Juvenile literature.
  3. Adaptation (Biology)—Juvenile literature. I. Title.
- QH541.14.H67 2015  
577—dc23

2014034263

Кітапты баспаның рұқсатынсыз кез келген форматта көбейтіп таратуға болмайды. Барлық құқығы қорғалған.

Басуға 17.10.2022 қол қойылды.  
Пішімі 70x100/16. Офсеттік баспа. Қаріп түрі: PT Serif.  
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №09/22

Сапасы жөнінде мына мекемеге хабарласыңыз:  
Қазақстан. Алматы, Райымбек к-сі, 348а  
«Астана-кітап» ЖШС  
тел.: 8(727) 313-12-97  
email: astanakitap2050@gmail.com

«PRIZMA PRESS» ЖШС баспаханасында басылды.  
Алматы. Райымбек к-сі, 348

## Teacher Created Materials

5301 Oceanus Drive  
Huntington Beach, CA 92649-1030  
<http://www.tcmpub.com>

© 2015 Teacher Created Materials, Inc.



# Мазмұны

Өз үйім – өлең төсегім . . . . .	4
Экожүйе . . . . .	6
Жыл мезгілдерінің ауа райы . . . . .	8
Биом . . . . .	14
Су биомы . . . . .	21
Жер – ортақ үйіміз . . . . .	26
Ғалым сияқты ойлан . . . . .	28
Сөздік . . . . .	30
Индекс . . . . .	31
Сенің кезегің! . . . . .	32

# Өз үйім - өлең төсегім

Жаздың жайма шуақ күні. Сіз аптап ыстықта терлеген соң үйге кіресіз. Кондиционер қосұлы. Одан жанға жағымды салқын леп есіп тұр! Ол үйіңізді қалыпты температурада ұстап тұрады. Кондиционер мен пеш адамға кез келген жерде өмір сүруге мүмкіндік береді. Шындығында, біз көп уақытымызды ғимараттың ішінде өткіземіз.

Бірақ жабайы жануарлар мен өсімдіктер далада тіршілік етеді. Олар тіршілік ету үшін қолайлы ортада өмір сүруі керек. Онда өмір сүретіндер үшін қалыпты ауа-райы, тамақ және мекен болуы қажет. Кейбір өсімдік пен жануар ылғалды жерлерде жақсы өседі.

Кейбіреуі құрғақ жерге бейімделген.

Кейбір организм жәндіктер көп жерде өмір сүруді жөн көреді. Басқасы жәндіктер аз жерді мекендейді.

Тіршілік ету ортасының көптеген түрі бар.

Түйеқұстар дем алған кезде тұмсықтарындағы ылғал буланып, оларды салқындатады.

Қалыпты қоршаған орта өсімдіктер мен жануарларға тек тірі қалуға ғана жағдай жасап қоймай, олардың өркендеуіне мүмкіндік береді.

## Ағаш бақа

Ағаш бақалар ылғалды жерді мекен етеді. Тропикалық орман жайдан-жай “жаңбыр” сөзінен басталмайды. Бұл жер ағаш бақалар үшін мінсіз үй болып табылады.

# Экожүйе

Бір тіршілік ету аймағында орналасқан өсімдіктер мен жануарлар экожүйені құрайды. Экожүйеге су, топырақ, Күн сәулесі және өлі заттар да кіреді. Әрбір экожүйенің ішінде әр түрлі зат бар. Осы экожүйелердің іші өмір сүру үшін бір-біріне арқа сүйейтін тіршілік иелеріне толы.

Шалғынды елестетіңізші. Беде шабындықта өседі. Қоян бедені жейді. Үкі қоянды жейді. Кейінірек үкі өледі. Оның денесі жерге құлайды. Оны жәндіктер, құрттар және басқа ыдыратқыштар жейді. Көп ұзамай оның денесі жоғалады. Үкіден шыққан кейбір қоректік зат жаңа беде өсу үшін топыраққа қайта оралады. Құрттар сонымен бірге қоректік затты сіңіреді. Кейбір жәндіктер құрттарды жейді.

Кез келген өсімдіктің немесе жануардың экожүйеде өз орны болады. Кейбір тіршілік иесі оларға қажет нәрселер үшін бір-бірімен бәсекеге түсуі мүмкін. Ал басқалары бір-біріне тірі қалуға көмектеседі.

## Ұялайтын орын

Батпақты қамыс пен қоға – батпақты жердің экожүйесінде тіршілік ететін өсімдіктер. Олар экожүйеде үйректер мен қаздардың тіршілік ету ортасын қамтамасыз етеді.